*Қосымша № 1.8*

**Техникалық сипаттама**

**(ЛОТ № 8)**

| № | Атауы | Сипаттамасы | Саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Су моншасы-термостат | Түрі: Циркуляциялы су моншасы<br>Жұмыс ваннасының көлемі: кемінде 11,5 литр<br>Температура диапазоны: қоршаған орта температурасынан +7 °C бастап, +100 °C дейін<br>Температура тұрақтылығы (50 °C): ±0,3 °C-тен нашар емес<br>70 °C-қа дейін қыздыру уақыты: 36 минуттан аспау керек<br>Басқару түрі: микропроцессорлық PID, автоматты калибрлеуі бар<br>Дисплей: сандық, кемінде 3 температуралық мәнді алдын ала сақтау мүмкіндігімен<br>Таймер: 99 сағат 59 минутқа дейін, қосу/өшіру режимдерімен<br>Ванна материалы: коррозияға төзімді тот баспайтын болат<br>Жұмыс ваннасының өлшемдері: кемінде 300 × 240 × 200 мм<br>Габариттік өлшемдері: 360 × 300 × 294 мм-ден аспау керек<br>Салмағы: 10 кг-нан аспау керек<br>Электрмен жабдықтау: 230 V, 50/60 Hz, ток күші 4,3 А-дан аспайды<br>Қорғаныс жүйелері: артық қызудан, сұйықтықтың төмен деңгейінен, құрғақ жұмыс режимінен, токтың шамадан тыс жүктелуінен қорғау<br>Қосымша мүмкіндіктер: сұйықтықты төгуге арналған кран, шашырандыдан қорғалған басқару панелі, электр қуаты қалпына келгеннен кейін автоматты қосылу | 2 |
| | **Барлығы** | | **2** |

**Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры** **А.Ошибаева**

**Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы** **А.Айымбетова**

**Ғылым департаментінің жетекші маманы** **Т.Джатаев**

## ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ҚҚС-мен Түркістан қаласына дейінгі (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген. Тауарды жеткізу тауар құнына енгізілуі тиіс монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстары, сондай-ақ персоналды оқытумен міндетті түрде жүзеге асырылады.

Әлеуетті жеткізуші Республика Қазақстан аумағында жеткізілетін тауарды пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтер мен талаптарға толық сәйкес келеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өткен, бұл туралы әлеуетті жеткізушінің тиісті құжаттары бар. Тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен

ауыртпаланбаған болуы тиіс. Кепілдік мерзімі пайдалануға берілген күннен бастап кемінде 12 айды құрауы тиіс.

**Төлем шарттары:** алдын ала төлем мөлшері Лоттың жалпы сомасының 100%-на дейін жетуі мүмкін және ол ғылыми жобалар аясында сатып алуды реттейтін университеттің ішкі Ережесінің талаптарына сәйкес сатып алу Комиссиясының шешімімен айқындалады.

Сатып алу комиссиясы әлеуетті жеткізушіден аванстық төлемнің толық сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы. Бұл қамтамасыз ету құжаты келесі нұсқалардың бірінде ұсынылады:

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған Жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

**Жеткізу уақыты:** тауарды жеткізу шартқа қол қойылған күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылуға тиіс.